

**Қалалық мәслихаттың 2002 жылғы 15 қазандағы N 26/239 "Қала инфрақұрылымының объектілерін, аумағын кемелге келтіру, ұстау, Ақтау қаласы және қала жанындағы поселкелердегі тазалықты сақтау ережелері туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2008 жылғы 16 шілдедегі N 10/104 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінің Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 23 шілдеде N 11-1-89 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі 2012 жылғы № 2/25 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 12.04.2012 № 2/25 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22 маусымдағы N 526 "Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданының әкімшілік шекарасын белгілеу және Ақтау қаласының, Маңғыстау, Қарақия, Түпқараған аудандарының әкімшілік шекараларын өзгерту туралы" Қаулысына, Маңғыстау облысы мәслихатының 2006 жылғы 28 шілдедегі N 16/289 шешіміне және Маңғыстау облысы әкімінің 2006 жылғы 24 шілдедегі N 239 "Өмірзақ кентін " ауыл (село)" санатына жатқызу туралы" қаулысына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2002 жылғы 15 қазандағы N 26/239 "Қала инфрақұрылымы объектілерін, аумағын кемелге келтіру, ұстау, Ақтау қаласы және қала жанындағы поселкелердегі тазалықты сақтау ережелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізімінде N 1246 нөмірімен тіркелген, 2003 жылғы 18 қаңтардағы N 10 (6177) "Маңғыстау" газетінде жарияланған); 2006 жылғы 28 қыркүйектегі N 28/251 "Қала инфрақұрылымы объектілерін, аумағын кемелге келтіру, ұстау, Ақтау қаласы және қала жанындағы поселкелердегі тазалықты сақтау ережелері туралы қалалық мәслихаттың 2002 жылғы 15 қазандағы N 26/239 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізімінде N 11-1-43 нөмірімен тіркелген, 2006 жылғы 14 қарашадағы N 184 (9689) "Маңғыстау" газетінде жарияланған) шешімдеріне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

Бірінші абзацындағы "Өмірзақ, Маңғыстау поселкелеріндегі, Баянды селосындағы" деген сөздер "Өмірзақ селосындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Т.Көбегенов*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*Ж. Матаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК